

**"Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" атағын беру қағидаларын және берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттарын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 235 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 384 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.05.2015 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 18) тармақшасына және 53-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру бағыттары және берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттары **б е к і т і л с і н .**

2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын тағайындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы № 872 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 33,455-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 1 2	ж ы л ғ а
№	2 3 5
бекітілген	1 7 а қ п а н д а ғ ы
	қ а у л ы с ы м е н

**«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидалары және берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидалары және берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан, педагогикалық және ғылыми қызметте жоғары жетістіктері бар жоғары оқу орындарының (бұдан әрі - жоо) оқытушыларына оларды көтермелеу және қолдау мақсатында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын (бұдан әрі - атақ) беру және берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттары тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік грант — «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсында (бұдан әрі - Конкурс) жеңіп шыққан жоо-ның оқытушысына осы Қағидаларда белгіленген нормалар сақталған кезде өтеусіз берілетін ақшалай сыйақы;

2) республикалық конкурстық комиссия - «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия (бұдан әрі - Комиссия);

3) Конкурстың қатысушысы - Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын осы Қағидаларға сәйкес ұсынған жоо-ның штаттағы оқытушысы.

4. Атақтың иегеріне республикалық бюджеттің қаражаты есебінен тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 2000 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік грант төленеді.

5. Атақ бір адамға келесі бес жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

## **2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру тәртібі**

6. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру Конкурсына мынадай талаптарға сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады:

1) жоо-ның штаттық оқытушылары болып табылатындар;

2) Конкурсқа құжаттарын тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз ғылыми-педагогикалық стажы барлар.

7. Конкурс жыл сайын екі кезеңде өткізіледі:

1) I кезең - жоо-ның ішінде, ол ағымдағы жылдың қазанында өткізіледі.

Конкурсты жоо-ның ішінде өткізу тәртібін жоо дербес айқындайды, бұл ретте білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жыл ішіндегі сапалық және сандық көрсеткіштер негізге алынады.

Жоо-ның ішкі конкурсы нәтижелері бойынша 50 штаттық оқытушыға 1 үміткерден аспайтын есеппен ғылыми кеңестің шешімімен Конкурстың II кезеңіне қатысуға ұсынылатын жоо-ның үздік оқытушылары айқындалады. Оқытушылардың штаттық саны 50 адамға жетпейтін жоо-да 1 үміткер айқындалады.

2) II кезең - республикалық, ол ағымдағы жылдың желтоқсанында өткізіледі.

Конкурстың республикалық кезеңін Комиссия өткізеді, білім беру саласындағы уәкілетті органның басшысы оның төрағасы (бұдан әрі - Комиссия төрағасы) болып табылады.

8. Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлері арасынан, жетекші ғалымдар мен мамандар, сондай-ақ саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен құрылады.

Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс (19-дан аспайды). Комиссия отырысы оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп саналады.

9. Комиссияның дербес құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімімен бекітіледі.

10. Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс туралы ақпарат жарияланған, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап ол жарияланған деп саналады.

11. Конкурсқа қатысу үшін ағымдағы жылғы қарашада үміткерлер білім беру саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша өтінім, сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес мәліметтер, жылдық жұмыс жоспар - кестесі;

2) жоо ғылыми кеңесінің ұсынымы;

3) жұмыс орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы;

4) жеке куәліктің көшірмесі;

5) карточкалық базадағы 20 таңбалы ағымдағы шоты туралы хабарлама.

12. Конкурсқа ұсынылған құжаттар жетекші ғалымдар, жоо-лардың профессор-оқытушылар құрамының арасынан құрылған сараптама тобы жүзеге асыратын сараптаудан өтеді.

Сараптама тобының дербес құрамы және Конкурсқа ұсынылған құжаттарға сараптау жүргізу мерзімі білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімімен бекітіледі. Бұл ретте сараптама тобының дербес құрамы Комиссия құрамымен сәйкес болмауы тиіс.

Сараптама тобы конкурсқа ұсынылған әрбір құжат бойынша білім беру

саласындағы уәкілетті орган бекіткен сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес қорытынды береді.

13. Конкурса қатысушы дұрыс емес немесе толық емес мәліметтер ұсынған жағдайда, сараптама тобы оны қатысушылардың тізімінен шығару туралы ұсынысты жазбаша негіздемемен Комиссияға ұсынады.

14. Сараптама тобының қорытындысы хаттамамен рәсімделеді және қарау үшін Комиссияға беріледі, бұл ретте сараптама тобының әрбір мүшесі ерекше пікірге құқылы.

15. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру туралы Комиссияның шешімі қатысқан мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

16. Конкурстың қорытындылары Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурстың қорытындысы шыққаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде жарияланады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

17. Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

### **3. Берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыу бағыттары**

18. Атақ иегері берілген мемлекеттік грантты мынадай бағыттар бойынша жұмсайды: ғылыми зерттеулер жүргізу, шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтар мен зертханаларда тағылымдамадан өтуді қоса алғанда, біліктілігін арттыру.

19. Берілген мемлекеттік грант атақ иегерінің ағымдағы шотына бір уақытта аударылады.

20. Есепті жылдан кейінгі жылдың қаңтарында атақ иегері білім беру саласындағы уәкілетті органға жылдық жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес берілген мемлекеттік гранттың жұмсалыуы туралы есеп ұсынады. Есепке растайтын құжаттар қоса беріледі.

21. Атақ иегері:

- 1) жылдық жұмыс жоспар-кестесінде көзделген іс-шараларды орындамаған;
- 2) атақты бергеннен кейін жыл ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға шыққан жағдайларда берілген мемлекеттік грантты толық көлемде қайтарады.

22. Егер атақ иегерінің жылдық жұмыс жоспар-кестесінде көзделген

іс-шараларды

орындамауына:

- 1) атақ иегерінің қайтыс болуы;
- 2) атақ иегерінің еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы негіз болған жағдайда берілген мемлекеттік грант қайтарылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК